

Қызылорда қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 18 наурыздағы N 880 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы N 265 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 сәуірде N 4952 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласының шекарасы (шегі) Қызылорда қаласы әкімшілік аумағы жерлерінен жалпы алаңы 6955 гектар жерлерді қосу арқылы жалпы алаңы 13599,5 гектар болып өзгертілсін.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда
облысының әкімі
төрағасы

_____ Қ. Көшербаев

Қызылорда облыстық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы

_____ А. Оңғарбаев

Қызылорда облыстық
мәслихатының 35-сессиясының

_____ А. Тайманов

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы " 18 " наурыздағы № 880
қаулысына
және Қызылорда облыстық мәслихатының
2015 жылғы " 18 " наурыздағы № 265
шешіміне
қосымша

Қызылорда қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі	Оның ішінде:			
			елді мекендердің	орман қорының	су қорының	босалқы
			өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған			

		(га)	жері	жері	жері	жерлер	жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қызылорда қаласының бекітілген шекарасы (шегі)	6644,5	6644,5	-	-	-	-
2	Қызылорда қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлер	6955	-	3051,0	458,6	3390,2	55,2
3	Қызылорда қаласының шекарасы (шегі)	13599,5	6644,5	3051,0	458,6	3390,2	55,2

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:
га-гектар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК